

Б.Е. КЕҢЕС¹, Ш. ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ², Е. МАРАЛБЕК³

¹PhD докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
(Қазақстан, Астана қ.), e-mail: barysgul221196@gmail.com

²филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
(Қазақстан, Астана қ.), e-mail: sheru_64@mail.ru

³PhD, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының жетекші ғылыми қызметкері
(Қазақстан, Алматы қ.), e-mail: elahau@mail.ru

ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ КОМПЬЮТЕРЛІК ТЕРМИНОЛОГИЯ: АППАРАТТЫҚ ҚАМТЫМ АТАУЛАРЫНЫҢ ЖАСАЛЫМЫ

Аңдатпа. Зерттеу жұмысында түркология саласында осы уақытқа дейін айтылып келе жатқан мәселелердің бірі түркі тілдерінің ортақ терминқорын қалыптастыруы қарастырылады. Мақаланың мақсаты – осы мәселе төңірегінде түркі тілдерінде қалыптасқан компьютер терминологиясының аппараттық қамтым бөлімінің терминдеріне талдау жасау. Аппараттық қамтым дегеніміз – ақпараттық технология саласындағы бағдарламаларды, оларды құрастыру мен өңдеуді қоспайтын бөлігін, керісінше осы процестерді жүзеге асыратын есептеуіш құрылғының электрондық және механикалық бөліктерін қамтитын бөлімі. Мақалада талдау жасау үшін іріктемеге негізгі 15 құрылғының атауы таңдалып алынды. Қазақ, қырғыз, өзбек, әзірбайжан, түрікмен, түрік тілдеріндегі терминдер өзара салыстырылып және орыс, ағылшын тілдеріндегі терминдермен салғастырылды. Әр терминнің анықтамалары берілді және әр сөздің этимологиясы сөздіктердің көмегімен анықталды.

Мақалада түркі тілдеріндегі ақпараттық технология терминжасамның көзі ретінде түркі тілдеріне ортақ сөздік қор, араб және парсы тілдерінен енген кірме сөздер, еуропалық тілдердің негізі көрсетілді. Зерттеу нәтижесінде аппараттық қамтым терминдерін жасауда басым бөлікті латын тілінен енген сөздердің негізі құрайтындығы анықталды. Зерттеу жұмысында жүргізілген талдау нәтижесін талқылап, қорыта келгенде түркі тілдерінің ортақ терминқорын қалыптастыруда жасалуы керек жұмыстар көрсетілді.

Кілт сөздер: терминология, түркі тілдері, ортақ терминқор, ақпараттық технология, термин.

* Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:

Кеңес Б.Е., Құрманбайұлы Ш., Маралбек Е. Түркі тілдеріндегі компьютерлік терминология: аппараттық қамтым атауларының жасалымы // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2025. – №4 (138). – Б. 187–199. <https://doi.org/10.47526/2025-4/2664-0686.284>

*Cite us correctly:

Kenes B.E., Qurmanbaiuly Sh., Maralbek E. Turki tilderindegi kompiuterlik terminologia: apparattyq qamtym ataularynyn zhasalymy [Computer Terminology in Turkic Languages: Formation of Hardware Terms] // *Iasau universitetinin habarshysy*. – 2025. – №4 (138). – Б. 187–199. <https://doi.org/10.47526/2025-4/2664-0686.284>

B.E. Kenges¹, Sh. Kurmanbayuly², E. Maralbek³¹*PhD Doctoral Student, L.N. Gumilyov Eurasian National University
(Kazakhstan, Astana), e-mail: barysgul221196@gmail.com*²*Doctor of Philological Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences
of the Republic of Kazakhstan, L.N. Gumilyov Eurasian National University
(Kazakhstan, Astana), e-mail: sheru_64@mail.ru*³*PhD, Leading Researcher of Institute of Linguistics named after Akhmet Baitursynov
(Kazakhstan, Astana), e-mail: elahau@mail.ru***Computer Terminology in Turkic Languages: Formation of Hardware Terms**

Abstract. This study examines one of the key problems in the field of Turkic studies: the formation of a common terminological fund for Turkic languages. The purpose of the article is to analyze the hardware-related terms of computer terminology that have developed in Turkic languages. Hardware refers to the electronic and mechanical parts of a computing device that perform processes, excluding programs, their assembly, and data processing. The article selects 15 main devices for analysis. Terms in Kazakh, Kyrgyz, Uzbek, Azerbaijani, Turkmen, and Turkish were compared with one another and with terms in Russian and English. Definitions for each term are provided, and the etymology of each word is determined using dictionaries.

The article reflects the general vocabulary of Turkic languages, including borrowed words from Arabic and Persian, and the influence of European languages as a source for information technology terminology in Turkic languages. The study found that words borrowed from Latin play a major role in the formation of hardware terms. In conclusion, the article presents recommendations for future work aimed at establishing a common terminological fund for Turkic languages.

Keywords: terminology, Turkic languages, general terminological fund, information technology, term.

Б.Е. Кенес¹, Ш. Курманбайулы², Е. Маралбек³¹*PhD докторант, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
(Казахстан, г. Астана), e-mail: barysgul221196@gmail.com*²*доктор филологических наук, профессор, академик НАН РК
Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
(Казахстан, г. Астана), e-mail: sheru_64@mail.ru*³*PhD, ведущий научный сотрудник Института языкознания им. А. Байтурсынова
(Казахстан, г. Алматы), e-mail: elahau@mail.ru***Компьютерная терминология в тюркских языках: формирование названий
аппаратного обеспечения**

Аннотация. В данном исследовании рассматривается одна из проблем в области тюркологии – формирование общего терминологического фонда тюркских языков. Цель статьи – проанализировать термины аппаратного обеспечения компьютерной терминологии, сложившейся в тюркских языках по данному вопросу. Аппаратное обеспечение – это часть в сфере информационных технологий, которая не включает программы, их сборку и обработку, а, наоборот, включает электронную и механическую части вычислительного устройства, осуществляющего эти процессы. Для анализа в статье были выбраны названия 15 основных устройств. Термины на казахском, кыргызском, узбекском, азербайджанском, туркменском, турецком языках были сравнены между собой и сопоставлены с терминами на

русском и английском языках. Даны определения каждого термина, также этимология каждого слова была определена с помощью словарей.

В статье в качестве источника терминологии информационных технологий в тюркских языках отражен общий словарный запас тюркских языков, заимствованные слова из арабского и персидского языков, основы европейских языков. В результате исследования установлено, что основную роль в создании терминов аппаратного обеспечения преобладающую часть составляют слова, заимствованные из латинского языка. На основе проведенного анализа результатов исследования были предложены мероприятия, необходимые для формирования общего терминологического фонда тюркских языков.

Ключевые слова: терминология, тюркские языки, общий терминологический фонд, информационная технология, термин.

Кіріспе

Түркі халықтарының ортақ рухани-мәдени мұрасы, тарихы мен тілі – қазіргі зерттеулердің өзекті тақырыбы. Соңғы жылдары түркі тілдерінің фонетикалық, грамматикалық және лексикалық ерекшеліктерін зерттеуде елеулі нәтижелер бар. Алайда тарихи себептерден туындаған жазу жүйесіндегі алшақтық пен ғылыми ынтымақтастықтың жетіспеуі терминологиялық қорды ортақ жүйелеуге кедергі келтіріп отыр. Мақалада түркі халықтарының ғылыми-зерттеу саласындағы осы ортақтастық мәселесі қарастырылады. Ғылым тілінің қалыптасуы тікелей терминдермен байланысты. Термин – арнайы білім немесе қызмет саласының ұғымын білдіретін сөз немесе сөз тіркесі [1].

Мақаланың мақсаты – түркі тілдерінде қалыптасқан ақпараттық технология саласының аппараттық қамтым терминдерін салыстырып, жасалған терминдердің ерекшеліктері мен ұқсастықтарын анықтау. Сондай-ақ мақалада қазақ, түрік, әзірбайжан, өзбек, қырғыз, түрікмен тілдеріндегі терминдер ағылшын және орыс тілінде қалыптасқан ақпараттық технология терминдерімен салғастырылады.

Аппараттық қамтым терминдерін түркі тілдерінде салыстыра зерттеудің өзектілігі осы тілдер арасында терминологиялық бірізділікті қамтамасыз етіп, мамандардың өзара түсінісуін жақсартуға әсер етеді. Бұл бағыт түркі тілдерінің ортақ тарихи-мәдени негізін тиімді пайдаланып, терминологияны біріздендіруге, лексикалық қорды дамытуға мүмкіндік береді, сондай-ақ терминдердің ала-құлалығын жойып, техникалық білім беру сапасын арттырады. Мұндай зерттеулер түркі тілдерінің ішкі ресурстарын пайдалану арқылы шет тілдерге тәуелділікті азайтып, ғылыми-тәжірибелік ынтымақтастықты нығайтып, ортақ ғылыми жобалардың жүзеге асуына жағдай жасайды.

1926 жылы ең алғаш Бакуде I Түркология Құрылтайы өткізілді. Құрылтайда Түркі халықтарының тарихы, тілі, этнологиясы тақырыбында оның ішінде 8-9- отырыстарында: Түркі тілі емле ережелері, әліпби мәселесі, түркі тілдерінің туысқандығы тақырыптары бойынша мәселелер қарастырылды. Құрылтайдың 8-отырысында Түркі тілдерінің терминологиясындағы мәселелерге қатысты 5 баяндама оқылды. Б.С. Чопанзаде «Ғылыми терминологияның жүйесі туралы», Х.Б. Зейналлы «Түркі тілдерінің ғылыми терминология жүйесі туралы», Х.Е. Одабаш «Түркі тілдеріндегі терминология», А.Р. Зифелдт «Түркі тілдеріндегі ғылыми терминологияның қалыптасу принциптері туралы» және А. Байтұрсынұлы «Қазақ жазба тіліндегі терминологияны қалыптастыру мәселелері» атты баяндамаларын ұсынды. Құрылтайдың 9-отырысында Б. Сүлеев және Ш. Манатов терминология тақырыбында баяндама жасады [2, 50-6.].

Осы уақытқа дейін түркі әлемінде туысқан тілдерді тіл білімінің әртүрлі бағыттарында салыстырмалы зерттеу жұмыстары біршама жүргізілді. Түркі тілдес елдердің ортақ термин

қорын қалыптастыру үшін 1999 жылы Түркияда ақпараттық технология қоғамының қолдауымен арнайы жұмыс тобы құрылған. 2001 жылдың қазан айында Стамбұлда түркі тілдес елдер арасында ақпараттық технологиялар ынтымақтастығы мәселелері бойынша алғашқы форум ұйымдастырылып, кейін алқалы жиын Әзірбайжан, Түрікменстан, Қырғызстан мемлекеттерінде түрлі тақырыптармен жалғасын тапқан. 2011 жылы 19 қарашада Астана қаласындағы Түркі академиясында «Түркі тілдес елдердің терминкор қалыптастыру тәжірибесі» атты халықаралық конференция, яғни кезекті 9-форум өткен [3, 133-б.]. Э.Г. Наскалидың редакторлығымен «Түркі әлемінің грамматикалық терминдері бойынша нұсқаулық» кітабында түрік, әзірбайжан, түрікмен, гагауыз, өзбек, шығыс және батыс ұйғыр, татар, басқұрт, құмық, қарашай-балқар, ноғай, қазақ, қырғыз, алтай, хакас, тыва, чор түркі тілдерімен орыс тілінің грамматикалық терминдері салыстыралады [4].

Г.А. Бегимова «Дипломатиялық терминдер: таным және мағына» монографиясы түрік және қазақ тіліндегі дипломатиялық терминдер мен атаулардың мағынасы мен қызметін зерттеуге арналған [5]. Д. Ысқақұлының «Түркілік ортақ термин негіздері» атты монографиясында қазақ, әзірбайжан, қырғыз, өзбек, түрікмен, түрік тілдерінің тілтаным терминдері ағылшын, орыс тілдеріндегі терминдермен салыстырылады. Монографияда қазақ терминологиясының даму жолдары, қазіргі қазақ терминологиясының жағдайы туралы, халықаралық терминдерге және терминологияны түркілік негізде біріздендіруге қатысты ой-пікірлер айтылады [6].

Халықаралық түркі академиясының қолдауымен «Түркі тілдерінің терминжасамы» (2018) атты еңбек жарық көрген. Зерттеу жұмысында қазақ, әзербайжан, өзбек, татар, қырғыз, түрік халықтарының терминтану саласындағы даму үрдістеріне шолу жасалып, негізінен терминжасам тәсілдері, терминжасам үлгілері көрсетіледі [7]. А. Минсафина «Қазіргі түркі тілдерінің ортақ терминологиясын дамыту мүмкіндіктері мен әдістері» атты докторлық диссертациясында тіл біліміне қатысты 150 сөзді, физика және математика терминдерінен 150 сөзді түрік, әзірбайжан, қазақ, татар, өзбек тілдері бойынша салыстырады. Зерттеу жұмысында 5 тілдегі терминжасам тәсілдеріне тоқталады. Сондай-ақ ортақ түбірлер мен жұрнақтарды көрсетеді [8].

Айше Илкердің редакциясымен жарық көрген «Türk Dünyasında Terim Çalışmaları» (2023) кітабы – Түркі әлемі терминологиясы жөніндегі комиссияның (2019–2021 жж.) еңбектерінің нәтижесі. Еңбектің негізгі мақсаты – түркітілдес елдердегі білім мен ғылым саласындағы терминологияның ортақ мәселелерін анықтап, бірыңғай терминологиялық жүйені қалыптастыруға үлес қосу. Кітапта Түркия, Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түрікменстан, Татарстан, Башқұртстан, Чувашия және басқа да аймақтардағы зерттеушілердің тәжірибесі жинақталған. Авторлар түркі тілдерінің ортақ терминологиялық базаны құрудағы зор әлеуетін атап өтеді. Бұл еңбек түркі терминологиясы саласындағы болашақ зерттеулер мен ынтымақтастық үшін маңызды дереккөз бола алады [9].

Туыстас түркі тілдері арасындағы терминологияны салыстырмалы талдап, зерттеу осы тілдер тобындағы қарым-қатынастар мен алуан түрлілікті және елеулі тілдік параллельдер мен ерекше белгілерді көрсетеді. Бұл талдау жұмыстары әртүрлі түркі тілдеріндегі фонологиялық, морфологиялық және семантикалық аспектілерді зерттеу үшін салыстырмалы-тарихи әдістемелерді пайдаланатын әртүрлі зерттеулерге негізделген. Зерттеулер түркі тілдеріндегі, әсіресе қазақ және түрік тілдерін қамтитын қыпшақ тобындағы дауысты дыбыс жүйесінің эволюциясы мен фонетикалық құрылымдарындағы ұқсастықтарға назар аударылғанын көрсетеді. Мысалы, З. Базарбаева мен Н. Оспанғазиеваның зерттеулері туыстас түркі тілдерінің фонетикалық ерекшеліктері мен ортақ тұстарын айқындап, қысаң дауыстылардың тарихи дамуы сияқты ортақ фонологиялық құбылыстарын атап көрсетеді [10]. А. Сейітбекова және әріптестері Алтын Орда дәуіріндегі қыпшақ, қарлұқ, оғыз

тілдерінің элементтеріне зерттеу жүргізе отырып, түркі тілдеріндегі уақыт өте келе болған өзара байланыс пен лексикалық интеграцияны көрсетеді [11].

Зерттеуші С. Давлатова Махмұт Қашқари сөздігінен алынған салыстырмалы лексикаға ерекше тоқталып, қазіргі қырғыздардағы басқа түркі тілдерімен салыстырғандағы ұқсастықтар мен тілдік ауысуларды ашты [12]. Түркі лексикасының эволюциясында басқа тіл семьяларынан, әсіресе араб және моңғол тілдерінен кірме сөздердің енуі сияқты сыртқы тілдік факторлардың әсері зор рөл атқарды. Д. Рахимзаде зерттеулерінде араб тілінен енген сөздердің түркі тілдеріне сіңісіп, олардың сөздік қорын және тілдік тұлғасын қалай қалыптастырғанын талдайды [13]. Ч. Сагын-Шимшек пен Е. Антонова-Үнлю түркі тілдерінің арасындағы тарихи жақындық әртүрлі тілдік сәйкестіктерге қарамастан тиімді қарым-қатынасқа ықпал ететінін атап көрсетеді [14]. Жалпы алғанда, бұл зерттеулер түркі тілдеріндегі терминдердің негізінде ортақтық бар екенін, алайда әр тілдің өзіндік тілдік дамуы мен мәдени ерекшеліктеріне байланысты елеулі айырмашылықтар да кездесетінін көрсетеді.

Зерттеу әдістері мен материалдар

Мақалада қазақ, қырғыз, өзбек, түрік, әзірбайжан, түрікмен түркі тілдерінің ақпараттық технология саласының аппараттық қамтым терминдері салыстырылады. Сондай-ақ осы түркі тілдеріндегі терминдер орыс және ағылшын тіліндегі нұсқаларымен салғастырылады. Іріктеме үшін күнделікті өмірде жиі қолданылатын, барлық компьютермен жұмыс жасайтын адамдар қолданатын IT саласының ақпараттық қамтым (hardware) терминдерінен 15 термин таңдалып алынды.

Қазақ тілінің 30 томдық «Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздіктер» топтамасындағы «Информатика және есептеуіш техника» саласына қатысты сөздігі, өзбек тілінің «Ахборот-коммуникация технологиялари изоҳли луғати», әзірбайжан тілінің «İnformatika terminlərinin izahli lüğəti (ingiliscə-rusca-türkcə-azərbaycanca)», түрік тілінің «Bilgisayar Terimleri Karşılıklar Kılavuzu», «Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі (Информатика және компьютерлік техника)» және түрікмен тілінде жазылған «Kompýuter tehnologiýasy (Ýokary okuw mekdepler üçin okuw kitaby)», «İnformatika we informasiýa tehnologiýalary Orta mekdepleriň VIII synpy üçin synag okuw kitaby» оқулықтарынан терминдерді іріктеп алып, салыстырмалы зерттеу үшін пайдаланылды. Қазақ тілінің termincom.kz терминдер базасы және <https://sozdikqor.kz/> сөздік қор сайты, қырғыз тілінің el-sozduk.kg сөздіктер базасы, түрік тілінің lugatim.com сайты, орыс тіліндегі сөздердің этимологиясын анықтау үшін lexicography.online сөздіктер базасы және ағылшын тілінен енген сөздердің этимологиясын анықтау үшін www.etymonline.com базасы, терминдердің анықтамасын беру үшін <https://dictionary.cambridge.org> сайты зерттеу жұмысы аясында қолданылды.

Талдау мен нәтижелер

Сканер – компьютердің жадына бейнені енгізу құрылғысы [15, 307-б.]. Сканер сөзі ағылшын тілінің этимологиялық сөздігінде 1550 жылдары «сыни тұрғыдан ойлайтын адам» мағынасында қолданылды деп көрсетіледі. 1927 жылдан бастап механикалық құрылғы атауы ретінде, кейін XX ғасырдың ортасында радиолокациялық құрылғы атауы ретінде, кейінірек компьютерлік сандық оқығыш атауы ретінде қолданысқа түскен. Сканер сөзі латын тілінің «scandere» – «поэзиядағы көтерілу мен құлдырау ырғағы» мағынасын білдіретін сөзінен келеді [16]. *Ағыл. Scanner ~ Орыс. Сканер ~ Түрік. Taraуıcı ~ Өзб. Сканер ~ Әзір. Skaner ~ Қырғ. Сканер ~ Түрікм. Skaner ~ Қаз. Сканер.* Орыс, өзбек, қырғыз, түрікмен, қазақ тілдеріне ағылшын тілінен транслитерация әдісі арқылы енген scanner~сканер сөзі қолданылса, түрік

тілінде «таға» түбіріне +(y)ісі жұрнағының жалғануы арқылы жасалған «тағауісі» сөзі қолданылады.

Монитор – бейнелерді экранға шығаруды жасақтайтын құрылғы [15, 247-б.]. *Ағыл. Monitor ~ Орыс. Монитор ~ Түрік. İzlemek, Monitör, Görüntüleyici ~ Өзб. Монитор ~ Өзір. Monitor ~ Қырғ. Монитор ~ Түрікм. Monitor ~ Қаз. Монитор.* «Монитор» сөзі латын тілінде «еске салатын, ескертетін немесе тексеретін», сонымен қатар «бақылаушы, нұсқаушы, жетекші, мұғалім деген мағыналарды білдіреді. Яғни, «монитор» сөзі ағылшын тіліне латын тілінен енген сөз [16]. Түрік тілінің ақпараттық технология сөздігінде «izlemek, görüntüleyici» терминдері «монитор» терминімен қатар беріледі [17, 96-б.].

Тінтуір – үстел бетімен жылжытқанда экрандағы меңзерді қозғалтатын, қолмен басқарылатын, пішіні кішкене тышқан тәріздес құрылғы [15, 349-б.]. *Ағыл. Mouse ~ Орыс. Мышь ~ Түрік. Fare ~ Өзб. Сичқонча ~ Өзір. Siçan ~ Қырғ. Чычкан ~ Түрікм. Suçan ~ Қаз. Тінтуір.* Ағылшын тіліндегі *mouse* термині пішін ұқсастығына сәйкес метафоралау әдісі арқылы жасалған термин. Осы термин орыс, түрік, өзбек, әзірбайжан, қырғыз, түрікмен тілдеріне ағылшын тілінен калькалау әдісі арқылы енген. Түрік тіліндегі «fare» сөзі - араб тілінен енген кірме сөз [18]. Қазақ тіліндегі «тінтуір» термин-сөзі түбірі іздеу мағынасын беретін «тінт» сөзінен жасалған туынды термин. *Тінтуір* сөзі *mouse* терминінің ұғымын түр-пішімі ұқсастығына емес, құрылғының әрекетіне байланысты жасалған.

Пернетақта – компьютерге мәліметтер мен командаларды енгізуге арналған құрылғы [15, 273-б.]. *Ағыл. Keyboard ~ Орыс. Клавиатура ~ Түрік. Klavye ~ Өзб. Клавиатура ~ Өзір. Klaviatura ~ Қырғ. Баскычтон ~ Түрікм. Klawiatura ~ Қаз. Пернетақта.* Ағылшын тіліндегі *keyboard* сөзі *кілт (key)* – «музыкалық құрылғылардың механизмі» + *тақта (board)* екі түбір сөздің бірігуі арқылы жасалған сөз [16]. Орыс тіліндегі клавиатура сөзі XVIII ғасырда неміс тілінен енген *klaviatur* сөзі. Ал неміс тіліндегі *klaviatur* сөзі латын тіліндегі *clavis (перне)* сөзінен келеді [19]. Өзбек, әзірбайжан және түрікмен тілдері орыс тілінен *клавиатура* кірме сөзін алған. Түрік тіліндегі *klavye* француз тілінен енген *clavier* сөзі болса, француз тіліне бұл сөз *латын* тілінен енеді [18]. Қазақ тіліндегі *пернетақта* термині ағылшын тіліндегі *keyboard* терминін калькалау әдісі арқылы алған. Қырғыз тіліндегі *баскычтон* сөзінің ұғымы тікелей денотаттық мағынасына байланысты жасалған термин деп қабылдаймыз.

Микропроцессор – бір немесе бірнеше үлкен интегралдық схема негізінде құрастырылған, цифрлық ақпаратты өңдеу мен оны басқару процесін жүзеге асыратын, бағдарлама арқылы басқарылатын құрылғы [15, 244-б.].

Ағыл. Microprocessor ~ Орыс. Микропроцессор ~ Түрік. Mikroişlemci ~ Өзб. Микропроцессор ~ Өзір. Mikroprosesor ~ Қырғ. Микропроцессор ~ Түрікм. Mikroprosesor ~ Қаз. Микропроцессор. Ағылшын тіліндегі *microprocessor* сөзі *micro* + *processor* екі сөздің бірігуі арқылы жасалған күрделі сөз. *Micro* сөзі латын тіліндегі тұлғасы «mikros», грек тілінен енген «smikros» «кішкентай» мағынасын білдіретін сөз жасаушы тілдік бөлшектердің бірі. *Processor* ағылшын сөзі - «үздіксіз әрекетті жасаушы машина немесе адам» мағынасын беретін, латын тілінен енген *process (етістік сөз табынан)* сөзінен жасалған термин [16]. Ағылшын сөзі *microprocessor* - орыс тіліне транслитерация әдісі енген кірме сөз. Ал өзбек, әзірбайжан, қырғыз, түрікмен, қазақ тілдеріне орыс тілі арқылы енеді. *Микропроцессор* сөзі түрік тілінде *mikro (кішкентай)* грек тілінен енген терминдік бөлшек және *işle+m* туынды сөзі және *+çi* жұрнағының қосылуы арқылы жасалған.

Модем (Modem) – стандартты телефон желісі арқылы компьютердің мәліметтерін жөнелтуін және қабылдауын іске асыруына мүмкіндік беретін электронды құрылғы. Сондай-ақ *модулятор* және *демодулятор* сөздерінің басқы буындарынан құрылған термин [15, 246-б.]. *Ағыл. Modem ~ Орыс. Модем ~ Түрік. Modem ~ Өзб. Модем ~ Өзір. Modem ~ Қырғ. Модем*

~ Түрікм. *Modem* ~ Қаз. *Модем*. Модем сөзінің жасалуына келетін болсақ, барлық түркі тілдеріне ағылшын тілінен транслитерация әдісі арқылы жасалып енген кірме сөз.

Батарея – бірнеше электртехника элементінің немесе аккумулятордың қосындысынан тұратын энергия көзі [20].

Ағыл. *Battery* ~ Орыс. *Батерия* ~ Түрік. *Pil, akü* ~ Өзб. *Batareya* ~ Әзір. *Batareya* ~ Қырғ. *Батарея* ~ Түрікм. *Batareyä* ~ Қаз. *Батарея*.

1530 жылдар шамасында *батарея* сөзі ағылшын тіліне ескі француз тілінен енген кірме сөз. Алғашқыда «басқа біреуді заңсыз ұру» мағынасында қолданылған. Француз тіліне латын тілінен келген (Ағыл. *Battery* < Фр. *Batterie* < Лат. *Battuere*) [16]. Түрік тіліндегі *akü* сөзі француз тіліндегі (ассу) *аккумулятор* сөзінің қысқарған түрі. Сондай-ақ *pil* сөзі де француз тілінен *pile* енген кірме сөз, француз тіліне латын тілінен кірген.

Кәбіл – ортақ қоршамның ішінде орналасқан бір немесе бірнеше параллель жатқан өткізгіштер [15, 153-б.]. Ағыл. *Cable* ~ Орыс. *Кабель* ~ Түрік. *Kablo* ~ Өзб. *Кабель* ~ Әзір. *Kabel* ~ Қырғ. *Кабель* ~ Түрікм. *Kabel, götmesim* ~ Қаз. *Кәбіл*. *Кабель* сөзі ағылшын тіліне, түрік тіліне, орыс тіліне француз тілінен енген кірме сөз. Ал осы *cable* сөзі француз тіліне латын тілінен енген *capulum* сөзі [16].

Компьютер – ақпаратпен жұмыс істеуге арналған қазіргі заманғы әмбебап техникалық аспап [15, 171-б.]. Ағыл. *Computer* ~ Орыс. *Компьютер* ~ Түрік. *Bilgisayar* ~ Өзб. *Компьютер* ~ Әзір. *Kompiuter* ~ Қырғ. *Компьютер* ~ Түрікм. *Kompyuter* ~ Қаз. *Компьютер*. Ағылшын тіліндегі компьютер сөзі латынның *compute* санау, есептеу мағынасын білдіретін етістігінен жасалған. Түрік тілінде компьютер сөзінің орнына «bilgi+say+ar» термині берілген. Түрік тіліндегі *bilgisayar* сөзі «bilgi» – ақпарат, «say» - санау, + «ar» жұрнағының жалғануы арқылы жасалған. Орыс тіліне ағылшын тілінен транскрипция әдісі арқылы енген компьютер сөзі басқа өзбек, қазақ, әзірбайжан, қырғыз, түркімен тілдерінде орыс тілінен енген қалпында қолданылады.

Сандық камера – кескіндердің цифрлық жазбасын жасауға арналған құрылғы [21]. Сандық камера екі сөздің тіркесуінен құралған тіркесті терминге жатады. Терминнің бағыныңқы сыңары *сандық сөзі* қазақ тілінде *сан* зат есіміне +*дық* жұрнағы жалғанып жасалған туынды сын есім.

Түрік тілінде *сандық* терминінің орнына *dijital* термині қолданылады. *Dijital* сөзі түрік тіліне (Fr. *digitale* < Lat.) француз тілінен енген түп төркіні латын тілінен келетін сөз [18]. Әзірбайжан тілінде *rəqəmsal* термині араб тілінен енген *rəqəmt* түбіріне +*sal* жұрнағыны, өзбек тілінде *рақам* түбіріне +*ли* жұрнағы жалғанып туынды сын есім жасалған. Орыс тіліндегі *цифровая* термині араб тілінен енген цифр түбіріне +*ов* жұрнағы жалғанып, одан соң +*ая* жалғауы жалғанып туынды сындық ұғымды білдіретін термин жасалып тұр. Қырғыз тілінде *сандық* терминінің орнына *санариптік* термині қолданылады. Бұл термин *сан* және араб тілінен енген кірме түбір *арип* сөзіне +*тік* жұрнағы жалғануы арқылы жасалған күрделі сөз.

Түрікмен тілінде қазақ тіліндегідей *сан* түбірі қолданылады және осы түбір сөзге +*лу* жұрнағының жалғануы арқылы туынды сын есім жасалған. Осы салыстырып, салғастырып отырған тілдердің барлығында да ағылшын тілінен транслитерация арқылы енген «камера» сөзі қолданылады. Камера сөзі ағылшын тіліне латын тілінен келген [16].

Ағыл. *Digital camera* ~ Орыс. *Цифровая камера* ~ Түрік. *Dijital kamera* ~ Өзб. *Рақамли камера* ~ Әзір. *Rəqəmsal kamera* ~ Қырғ. *Санариптик камера* ~ Түрікм. *Sanly kamera* ~ Қаз. *Сандық камера*

Қондыру станциясы – сыртқы қуат көзін, мониторды және пернетақтаны пайдалану үшін, әсіресе құрылғылар арасында деректерді тасымалдауды қамтамасыз ету үшін, ноутбук және жұмыс үстелі компьютері сияқты бір құрылғыны екіншісіне қосу үшін пайдаланылатын

құрылғы [22]. Қондыру станциясы екі сөздің тіркесуінен құралған күрделі термин. Алғашында ағылшын тілінде қалыптасқан *docking station* терминінің басыңқы сыңары *station* сөзі ескі француз тілінен «*stacion, estacion* – орналасқан жер» мағынасын білдіретін сөз енген, ал француз тіліне латын тілінен «*stationem* – тұрған, тұрақ, жұмыс, қызмет, күзетші» мағыналарын білдіретін сөз ретінде қабылданған. Орыс тіліне *станция* сөзі I Петр заманында поляк тілі «*stancja*» арқылы латын тілінен «*statiō*» енген кірме сөз [19]. Осы сөздің өзбек, әзірбайжан, қырғыз, қазақ тілдеріне орыс тіліндегі үлгісі қабылданған. Ал түрік тілінде «*istasyon*» сөзі француз тілінен транскрипция тәсілі арқылы еніп, сөздің басына «i» дыбысын жалғанып, түрікшелендіріп қабылдаған.

Ағылшын тіліндегі *docking* сөзі өзбек тілінде дәл осы қалпында алынса, әзірбайжан, түрікмен, қырғыз тілдерінде (*dock*) *док* түбір сөзі транскрипция тәсілі арқылы алынған. Орыс, түрік, қазақ тілдеріндегі нұсқаларында әр тілдің өз төл сөздері қолданылған.

Ағыл. *Docking station* ~ Орыс. *Установочная станция, док-станция* ~ Түрік. *kenetlenme istasyonu, yerleştirme istasyonu* ~ Өзб. *Docking Stantsiyasi* ~ Әзір. *Dok stansiya, yerleşdirmə stansiyası* ~ Қырғ. *Док станциясы* ~ Түрікм. *Dok-stansiya* ~ Қаз. *Қондыру станциясы*

Факс, факсимилие – телефон желісі бойынша құжаттарды электронды түрде жіберу және қабылдау үшін қолданылатын құрылғы немесе жүйе [23]. Орыс, түрік, өзбек, әзірбайжан, қырғыз, түрікмен, қазақ салыстырып және салғастырып отырған барлық тілде *факс* термині қолданылады. Ағылшын тіліндегі «дәл көшірмесі» мағынасын білдіретін «факсимилие» сөзі латынның «*fac simile*» (*make similar* – ұқсас жасау) сөздерінің бірігуі арқылы жасалған.

Ағыл. *Fax machine* ~ Орыс. *Факс* ~ Түрік. *Faks, faks makinesi* ~ Өзб. *Факс* ~ Әзір. *Faks taşıın* ~ Қырғ. *Факс* ~ Түрікм. *Faks* ~ Қаз. *Факс*

Принтер – компьютерге қосылған және сия арқылы қағазға басып шығаратын құрылғы [23]. 1500 жылдар шамасында ағылшын тіліндегі «*printer*» сөзі кітап басып шығаратын және типографиялық баспа ісін түсінетін және жүргізетін адам мағынасын білдірген. *Print* етістігіне *+er* жұрнағының жалғануы арқылы жасалған зат есім. Орыс, өзбек, әзірбайжан, қырғыз, түрікмен, қазақ тілдеріне «*принтер*» термині ағылшын тілінен транслитерация әдісі арқылы алынған. Сондай-ақ осы терминмен қатар өзбек, әзірбайжан, түрікмен тілдерінде төл сөздерінен жасалған, жарыспалы қолданылып жүрген терминдер бар. Түрік тілінде принтер терминінің орнына «*yaz*» түбіріне *+ıcı* жұрнағы жалғануы арқылы жасалған «*yazıcı*» термині қолданылады. Ағыл. *Printer* ~ Орыс. *Принтер* ~ Түрік. *Yazıcı* ~ Өзб. *Printer, çarçı* ~ Әзір. *Printer, çarçı* ~ Қырғ. *Принтер* ~ Түрікм. *Printer, çarçu, ýazdyrguç* ~ Қаз. *Принтер*

Адаптер – екі жабдықты қосуға арналған құрылғы. Сондай-ақ екі немесе одан да көп жабдықты бір электр желісіне қосуға мүмкіндік беретін ашаның түрі [23]. *Adapter* термині «*adapt*» бейімделу мағынасын беретін етістікке *+er* жұрнағы жалғануы арқылы жасалған. Бұл етістіктің төркіні француз тілі арқылы ағылшын тіліне латын тілінен келеді. Орыс, өзбек, қырғыз тілдеріне транслитерация әдісі арқылы ағылшын тілінен енген. Адаптер термині түрік тілінде *bağdaştırıcı*, әзірбайжан тілінде *bağlaşdırıcı*, түрікмен тілінде *badaşdyrguç* деп беріледі. Қазақ тілінде ағылшын тіліндегі адаптер терминінің орнына *бейімдеуіш* термині бекітілген.

Ағыл. *Adapter* ~ Орыс. *Адаптер* ~ Түрік. *Bağdaştırıcı* ~ Өзб. *Adapter* ~ Әзір. *Bağlaşdırıcı* ~ Қырғ. *Адаптер* ~ Түрікм. *Badaşdyrguç* ~ Қаз. *Бейімдеуіш*

Қатқыл диск – бағдарламалар мен ақпаратты сақтауға арналған, компьютердің ішінде бекітілген құрылғы [23]. *Қатқыл диск (hard disk)* екі сөздің тіркесуінен құралған күрделі термин. Орыс, өзбек, әзірбайжан, қырғыз, түрікмен, қазақ тілдерінде *қатқыл диск* термині жартылай калькалау әдісі арқылы жасалған. Түрік тілінде құрылғының орналасуына

байланысты ерекшелігіне сәйкес *sabit disk* термині бекітілген. Термин құрамындағы *диск* сөзінің түбірі грек тілінен келеді [16].

Ағыл. Hard disk ~ Орыс. Жесткий диск ~ Түрік. Sabit disk ~ Өзб. Қаттиқ диск ~ Әзір. Sərt disk ~ Қырғ. Катуу диск ~ Түрікм. Gaty disk ~ Қаз. Қатқыл диск

Мақалада *сканер, монитор, тінтуір, пернетақта, микропроцессор, модем, батарея, кабель, компьютер, сандық камера, қондыру станциясы, факс, принтер, адаптер, қатқыл диск* терминдері сипатталды, салыстырылды, терминдердің шығу төркіні зерделенді. Зерттеу нәтижесінде түркі тілдерінде төл сөздермен қатар терминдердің терминжасам көзі ретінде араб, парсы, латын, грек тілдерінен енген түбір сөздер қолданылатыны көрсетілді. Аппараттық қамтым терминдерін жасауда латын тілінің салмағы басым екендігі анықталды. Зерттеу нәтижесін 1-кестеден көре аламыз.

1-кесте – Зерттеу нәтижесі бойынша ақпараттық қамтым терминдерінің жасалу көздері

Тілдер	Грек	Латын	Араб-парсы	Ағылшын, француз	Түркі тілдерінің төл сөздері
Қазақ тілі	Микро-диск	Сканер, монитор, процессор, батарея, кәбіл, компьютер, камера, станция, факс		Модем, принтер	Тінтуір, пернетақта, сандық, бейімдеуіш
Өзбек тілі	Микро-диск	Сканер, монитор, клавиатура, процессор, батарея, кабель, компьютер, камера, stantsiya, факс, адаптер	Рақамли	Модем, printer	Сичконча, җарғи
Әзірбайжан тілі	Mikro-disk	skaner, monitor, klaviatura, prosessor, batareya, kabel, kompüter, kamera, stansiya, faks	Rəqəmsal	Modem, printer	Siçan, җарғи, bağlaşdırıcı
Қырғыз тілі	Микро-диск	Сканер, монитор, баскычтоп, процессор, батарея, кабель, компьютер, камера, станция, факс, адаптер	Арип	Модем, принтер	Чычкан
Түрікмен тілі	Micro-Disk,	Skaner, monitor, klawiatura, batareýa, kabel, kompýuter, kamera, stansiýa, faks		Modem, printer	Syçan, gömmesim, sanly, җарçy, ýazdyrgyç, badaşdyrgyç
Түрік тілі	Mikro-disk	Monitör, klavye, pil, kablo, dijital, kamera, istasyonu, faks	Fare	Modem, yazıcı	Tarayıcı, görüntüleyici, izlemek, işlemci, bilgisayar, yazıcı, bağdaştırıcı

Осы зерттеуіміздің нәтижесіне дәлел ретінде I Түркология Құрылтайында әзірбайжан ғалымы Чобан-Заденің «Ғылыми терминологияның жүйесі туралы» атты баяндамасын қарастырсақ болады. Ғалым баяндамасында түркі тілдерінің терминжасамына ортақ 3 негізгі сөздікқор көзін көрсетеді. Біріншісі – түркі тілдеріне ортақ сөздік қор, екіншісі – араб және парсы тілдерінен енген кірме сөздер, үшіншісі – еуропалық тілдердің негізі [2, 250-б.].

Н. Илиясова мен оның әріптестері жүргізген зерттеу жұмыстарының нәтижелері қазақ тілінің ғылыми-техникалық және академиялық дискурсында латын текті терминдердің елеулі орын алатынын көрсетті. Лингвистикалық талдау барысында заң, медицина, технология және басқа да салалардағы халықаралық терминдердің басым бөлігі көне латын тілінен тарағаны анықталды. Ғаламдану үдерісі мен тілдік жаңғырту аясында бұл терминдер қазақ тілінің ғылыми стилінде орнығып, стандартталған қолданысқа ие болуда. Сонымен қатар зерттеу латын негізді терминдердің тілдік мәдениетке ықпалы мен тіл тазалығы мәселесіне қатысты пікірталастарды айқындады. Осылайша, қазақ тіліндегі ғылыми терминологияның қалыптасуында латын тілінен енген интернационализмдердің маңызды рөл атқаратыны дәлелденген [24].

Өзбек ғалымы Н.А. Ходжаева «Өзбек тіліндегі латын сөздері – тірі латын тілі» деп аталатын мақалада, латын тілі «өлі» деп саналса да, оның өзбек тіліндегі көптеген кірме сөздер арқылы тіршілігін жалғастырып жатқанын айғақтайды. Авторлар өзбек лексикасына кірген шет тілдік сөздердің этимологиясын талдап, көптеген ғылыми-техникалық жаңалық атаулары мен халықаралық терминдердің түп-төркіні латын тілі екенін көрсеткен [25].

С. Садықованың пікірінше, түрік тілдерінде терминология жасау мен байытудың ең дұрыс жолы – тілдің инклюзивті мүмкіндіктерін пайдалану. Сондықтан ең алдымен ұлттық тілдің сөздік құрамы мен сөз жасау тәсілдеріне жүгінген жөн. Ортақ терминологияны жасау кезінде түркі тілдерінде екі негізді қарастыру керек: ортақ түрік базасы және халықаралық база. Түрік тілінің негізінде термин жасау үшін алдымен түрік тілдеріндегі көптілді терминологиялық сөздіктер өңделуі керек. Дегенмен, салалық терминологиялық сөздіктерді дайындау барысында негізгі тіл ретінде қай тілдерді қабылдау мәселесі де шешілуі керек. Сөздіктерді дайындау барысында ғылымның әртүрлі салаларындағы терминологияның теориялық негіздері айқындалып, терминдердің бір мағыналылық пен нақтылық критерийлеріне сәйкестігіне назар аудару қажеттігін айтады [8, 125-б.].

Түркітөктес халықтардың терминология саласындағы мынадай жұмыстарды бірлесе отырып, жүйелі түрде жүргізуі керек деп тұжырымдаймыз:

1. Барлық түркі халықтарына қолжетімді, кедергісіз қолдана алатын электронды терминдер базасын жасау.

2. Жаңа терминжүйелерді бірлесіп құру.

3. Терминологияны тіларалық біріздендіру.

4. Терминологияны халықаралықтандыруды түркі тілдері арасында жүргізу.

5. Ортақ терминдер қорын молайту арқылы түркі текті халықтар тілдерінің терминологиясын жақындастыру, терминжасам, терминалмасым, терминологияны тіларалық біріздендіру жұмыстарын жүргізетін арнайы құрылым құру [26, 11-б.].

Қорытынды

Қорытындылай келгенде, мақалада түркі тілдеріндегі ақпараттық технология саласының аппараттық қамтым терминдері салыстырылды. Түркі тілдері терминдерін салыстыру барысында терминдердің жасалу көздері, жасалу әдістері талдауға негіз болды. Талдау барысында жалпы түркі тілдерінің дыбыстық ерекшеліктері барлығына белгілі болғандықтан қарастырылмады. Мақаладағы шектеу – тек аппараттық қамтым бөлімінің терминдеріне ғана талдаудың жасалуы. Алдағы уақытта жүргізілетін зерттеу жұмыстарында

зерттеу объектісі ретінде ақпараттық технология саласының басқа бағыттарын және өзге де түркі тілдерін қарастыру көзделеді.

Жоғарыда аталған тұжырымдар негізінде түркі тілдес халықтардың терминологиялық жүйелерін дамытуға бағытталған ортақ стратегияны әзірлеу маңызды. Бұл стратегия электронды терминологиялық дерекқорды құруды, жаңа терминжүйелерді бірлесіп жасауды, тіларалық үйлестіруді, халықаралықтандыру үдерістерін түркі тілдері аясында жүргізуді және ортақ терминдер қорын молайту арқылы терминологиялық жақындасуды қамтуы тиіс. Осылайша, ғылыми негізделген, құрылымдық тұрғыдан бірізді терминологиялық жұмыстар түркі халықтарының мәдени және ғылыми интеграциясын нығайтуға септігін тигізеді.

Салыстыру нәтижесінде түркі тілдерінің негізгі үш базасы анықталып көрсетілді. Сондай-ақ мақалада осыған дейін түркологияда жасалған еңбектерге шолу жасалды. Түркі тілдерін жақындастыру мақсатында жасалуы керек жұмыстарға ұсыныстар берілді. Зерттеу нәтижесінде көретініміз алдағы уақытта түркі тілдерін ортақтастыру үшін әр сала бойынша ортақ сөздіктер жасау бағытында жұмыстар жасалуы қажет.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Гринев-Гриневиц С.В., Сорокина Э.А., Молчанова М.А. Еще раз к вопросу об определении термина // Вестник Российского университета дружбы народов. Серия: Теория языка. Семиотика. Семантика. – 2022. – Т. 13. – № 3. – С. 710–729.
2. Первый Всесоюзный Тюркологический Съезд. – Баку: Нагыл Еви, 2011. – 283 с.
3. Мамаева Г. Түбі бір түркі терминдері // ЕҰУ хабаршысы. – 2019. – №3 (128). – Б. 129–136.
4. Naskali E.G. Türk dünyası gramer terimleri kılavuzu. – Ankara: TDK Yayınları, 1997. – 190 s.
5. Бегимова Г.А. Дипломатиялық терминдер: таным және мағына (қазақ және түрік тілдерінің материалдары негізінде). – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 116 б.
6. Ысқақұлы Д. Түркілік ортақ термин негіздері. – Алматы: Таңбалы, 2014. – 157 б.
7. Құрманбайұлы Ш., Дадабаев Х., Акалин Ш., Закиев М. Түркі тілдерінің терминжасамы (қазақ, әзербайжан, өзбек, татар, қырғыз, түрік терминжасамы бойынша): ұжымдық зерттеу. – Астана: Ғылым, 2018. – 371 б.
8. Minsafina A. Çağdaş türk dillerinde ortak terminoloji geliştirme imkân ve yöntemleri: Doktora tezi. – Istanbul, 2020. – 316 s.
9. Ilker A. Türk dünyasında terim çalışmaları. – Ankara: Turk Dil Kurumu, 2023. – 409 s.
10. Bazarbayeva Z., Ospangaziyeva N. Historical foundations of narrow vowels in the turkic (kipchak) languages // Tiltanym. – 2024. – №(1). – Б. 5–12. <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-1-5-12>
11. Seitbekova A., Мамырбек Г., Malbakov M., Seidamat, A., Zhorabay T. Semantic analysis of the linguistic heritage of the golden horde period: based on the material of “gulistan bit-turki” by seif sarai and “khosrov and shirin” by qutb. // Forum for Linguistic Studies. – 2024. – №6(5). – P. 116–130. <https://doi.org/10.30564/fls.v6i5.7175>
12. Davlatova S., Mapaeva N., Chotikeeva K., Tahirova N., Turgunbaeva S., Dzhumaeveva Z., Abdullaeva Z. Body structure and names of disease in the dictionary by mahmut kashkari and their relationship with modern kyrgyz language // Open Journal of Modern Linguistics. – 2021. – №11(02). – P. 201–211. <https://doi.org/10.4236/ojml.2021.112016>
13. Rahimzade D. Semantic adaptation of arabic loanwords in turkic languages (based on oghuz languages) // Journal for Educators, Teachers and Trainers JETT. – 2021. – №12(4). <https://doi.org/10.47750/jett.2021.12.04.05>
14. Sağın-Şimşek Ç. Antonova-Ünlü E. A hearer-based analysis of turkish-azerbaijani receptive multilingual communication // International Journal of Bilingualism. – 2017. – №23(4). – P. 843–855. <https://doi.org/10.1177/1367006917703457>
15. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі «Информатика және компьютерлік техника». – Алматы: Мектеп, 2002. – 456 б.

16. Online etymology dictionary. [Electronic resource]. URL: www.etymonline.com (қаралған күні 17.06.2024)
17. Akalın H.Ş. vd. Bilgisayar Terimleri Karşılıklar Kılavuzu. – Ankara: TDK Yayını, 2013. – 527 s.
18. Kubbealtı lugatı. [Elektronik kaynak]. URL: <https://www.lugatim.com/s/TEVK%C4%B0L> (қаралған күні 17.06.2024)
19. Лексикографический интернет-портал: онлайн-словари русского языка. [Электронный ресурс]. URL: <https://lexicography.online/> (қаралған күні 17.06.2024)
20. Қазақ тілінің сөздіктер базасы. [Электронды ресурс]. URL: <https://sozdikqor.kz/> (қаралған күні 17.06.2024)
21. Britannica. [Electronic resource]. URL: <https://www.britannica.com/> (қаралған күні 18.06.2024)
22. Collins dictionary. [Electronic resource]. URL: <https://www.collinsdictionary.com/> (қаралған күні 18.06.2024)
23. Cambridge dictionary. [Электронды ресурс]. URL: <https://dictionary.cambridge.org> (қаралған күні 17.06.2024)
24. Nagima I., Saule A., Aisulu N., Dana P., Mukhtar Y. Cross-Linguistic Analysis of Latin-Derived Terms: Implications for Language Policy in Multilingual Societies // Journal of Ecohumanism. – 2024. – №3(8). <https://doi.org/10.62754/joe.v3i8.5606>
25. Hodjajeva N.A. O'zbek tilida lotin so'zlari "tirik lotin tili" // Academic research in educational sciences. – 2021. – Т. 2. – №2. – S. 143–150.
26. Құрманбайұлы Ш. Жалпытүріктік терминқор қалыптастырудың негізі – терминжасам мен терминалмасым // X Халықаралық Түркология конгресі (Қазіргі заманғы түркология: ғылыми парадигмалары және пәнаралық сипаты) материалдарының жинағы. Түркістан, 17-20 қазан 2023. – Ankara: Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi Yayınları, 2023. – S. 2–14.

REFERENCES

1. Grinev-Grinevich S.V., Sorokina E.A., Molchanova M.A. Eshe raz k voprosu ob opredelenii termina [Once again, to the question of the definition of the term] // Vestnik Rossiskogo universiteta družby narodov. Seria: Teoria iazyka. Semiotika. Semantika. – 2022. – Т. 13. – №3. – S. 710–729. [in Russian]
2. Pervyi Vsesoiuznyi Tiurkologicheski Siezd [First All-Union Turkic Congress]. – Baku: Nagyl Evi, 2011. – 283 s. [in Russian]
3. Mamaeva G. Tubi bir turki terminderi [Common Turkic Terms of the Same Origin] // EUU habarshysy. – 2019. – №3 (128). – B. 129–136. [in Kazakh]
4. Naskali E.G. Türk dünyası gramer terimleri kılavuzu [Guide to Grammatical Terms of the Turkic World]. – Ankara: TDK Yayınları, 1997. – 190 s. [in Turkish]
2. Begimova G.A. Diplomatiyalıq terminder: tanyım zhane magyna (qazaq zhane turik tilderinin materialdary negizinde) [Diplomatic Terms: Cognition and Meaning (Based on the Materials of the Kazakh and Turkish Languages)]. – Almaty: Qazaq universiteti, 2012. – 116 b. [in Kazakh]
3. Ysqaquly D. Turkilik ortaıq termin negizderi [Foundations of Common Turkic Terminology]. – Almaty: Tanbaly, 2014. – 157 b. [in Kazakh]
4. Qurmanbaiuly Sh., Dadabaev H., Akalin Sh., Zakiev M. Turki tilderinin terminzhasamy (qazaq, azerbaizhan, ozbek, tatar, qyrgyz, turik terminzhasamy boıynsha): uzhyımdyq zertteu [Term Formation in Turkic Languages: (Kazakh, Azerbaijani, Uzbek, Tatar, Kyrgyz, and Turkish Term Formation) – A Collective Study]. – Astana: Gylym, 2018. – 371 b. [in Kazakh]
5. Minsafina A. Çağdaş türk dillerinde ortak terminoloji geliştirme imkân ve yöntemleri: Doktora tezi [Possibilities and methods of developing common terminology in contemporary Turkish languages: Doctoral thesis]. – Istanbul, 2020. – 316 s. [in Turkish]
6. Ilker A. Türk dünyasında terim çalışmaları [Term studies in the Turkish world]. – Ankara: Türk Dil Kurumu, 2023. – 409 s. [in Turkish]
7. Bazarbayeva Z., Ospangaziyeva N. Historical foundations of narrow vowels in the turkic (kipchak) languages // Tiltanyım. – 2024. – №(1). – B. 5–12. <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-1-5-12>

8. Seitbekova A., Mamyrbek G., Malbakov M., Seidamat, A., Zhorabay T. Semantic analysis of the linguistic heritage of the golden horde period: based on the material of “gulistan bit-turki” by seif sarai and “khosrov and shirin” by qutb. // Forum for Linguistic Studies. – 2024. – №6(5). – P. 116–130. <https://doi.org/10.30564/fls.v6i5.7175>
9. Davlatova S., Mapaeva N., Chotikeeva K., Tahirova N., Turgunbaeva S., Dzhumaeva Z., Abdullaeva Z. Body structure and names of disease in the dictionary by mahmut kashkari and their relationship with modern kyrgyz language // Open Journal of Modern Linguistics. – 2021. – №11(02). – P. 201–211. <https://doi.org/10.4236/ojml.2021.112016>
10. Rahimzade D. Semantic adaptation of arabic loanwords in turkic languages (based on oghuz languages) // Journal for Educators, Teachers and Trainers JETT. – 2021. – №12(4). <https://doi.org/10.47750/jett.2021.12.04.05>
11. Sağın-Şimşek Ç. Antonova-Ünlü E. A hearer-based analysis of turkish–azerbaijani receptive multilingual communication // International Journal of Bilingualism. – 2017. – №23(4). – P. 843–855. <https://doi.org/10.1177/1367006917703457>
12. Qazaq tili terminderinin salalyq gylymi tusindirme sozdigi «Informatika zhane kompiuterlik tehnika» [Scientific explanatory dictionary of Kazakh language terms “Informatics and computer technology”]. – Almaty: Mektep, 2002. – 456 b. [in Kazakh]
13. Online etymology dictionary. [Electronic resource]. URL: www.etymonline.com (date of access 17.06.2024)
14. Akalın H.Ş. vd. Bilgisayar Terimleri Karşılıklar Kılavuzu [Computer Terms Equivalents Guide]. – Ankara: TDK Yayını, 2013. – 527 s. [in Turkish]
15. Kubbealtı lugatı [Kubbealti lugat]. [Electronic resource]. URL: <https://www.lugatim.com/s/TEVK%C4%B0L> (date of access 17.06.2024) [in Turkish]
16. Leksikograficheski internet-portal: onlain-slovari russkogo iazyka [Lexicographic Internet portal: online dictionaries of the Russian language]. [Electronic resource]. URL: <https://lexicography.online/> (date of access 17.06.2024) [in Russian]
17. Qazaq tilinin sozdikter bazasy [Database of dictionaries of the Kazakh language]. [Electronic resource]. URL: <https://sozdikqor.kz/> (date of access 17.06.2024) [in Kazakh]
18. Britannica. [Electronic resource]. URL: <https://www.britannica.com/> (date of access 18.06.2024)
19. Collins dictionary. [Electronic resource]. URL: <https://www.collinsdictionary.com/> (date of access 18.06.2024)
20. Cambridge dictionary. [Electronic resource]. URL: <https://dictionary.cambridge.org> (date of access 17.06.2024)
21. Nagima I., Saule A., Aisulu N., Dana P., Mukhtar Y. Cross-Linguistic Analysis of Latin-Derived Terms: Implications for Language Policy in Multilingual Societies // Journal of Ecohumanism. – 2024. – №3(8). <https://doi.org/10.62754/joe.v3i8.5606>
22. Xodjayeva N.A. O'zbek tilida lotin so'zlari “tirik lotin tili” [Latin words in Uzbek are “living Latin”]. // Academic research in educational sciences. – 2021. – T. 2. – №2. – S. 143–150. [in Uzbek]
23. Qurmanbaiuly Sh. Zhalpyturiktik terminqor qalyptastyrudyn negizi – terminzhasam men terminalmasym [The basis for the formation of a common term - term formation and exchange of terms] // X Halyqaralyq Turkologia kongresi (Qazirgi zamangy turkologia: gylymi paradigmalary zhane panaralyq sipaty) materialdarynyn zhinagy. Turkistan, 17-20 qazan 2023. – Ankara: Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi Yayınları, 2023. – S. 2–14. [in Kazakh]